

FTAMP 16.01.09

<https://doi.org/10.26577/JOS202511218>**Б.С. Бокулева** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: aknazar0909@mail.ru

ҮНДІСТАНДАҒЫ БИЛИНГВИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІСІ

Тілдік контактологияның қалыптасуына жағдай жасайтын адамның екі тілді қатар қолданылуы кезінде пайда болатын билингвизм / қос тілділік болып табылады. Бұл мақалада Үндістандағы билингвизм құбылысы, оның қалыптасуының тарихи-мәдени факторлары, билингвизмнің түрлері, қоғамдағы орны, әлеуметтік аспектісі қарастырылады. Отандық үндітану саласында хинди-ағылшын қос тілділік мәселесі алғаш рет қарастырылып, зерттеліп отыр. Ғылыми мақаланың мақсаты – тілдік қарым-қатынастар нәтижесінде пайда болған билингвизмді, оның түрлері мен хинди-ағылшын билингвизмінің ерекшелігін түсіндіріп, үндістандық билингвтер арасында сауалнама жүргізіп, оның нәтижесінің қорытындысын талдау. Бұл мақала Үндістанда қос тілде сөйлеушілер арасындағы қолданысын әлеуметтік аспектіде зерттеуге арналған. Автор зерттеу жұмысында ғылыми теориялық еңбектерді сұрыптау, жалпылау, жалқылау әдістерін, түйіндеу, анкета жүргізу және алынған нәтижелерді сапалық талдау әдістерін, SWOT-талдау әдістерін пайдаланды.

Үндістандағы билингвтер арасындағы хинди және ағылшын тілдерінің қолдану аясы анықталып, жүйеленді. Зерттеудің нәтижелері тілдік қарым-қатынастар және қос тілді адамдардың лингвopsихологиялық және әлеуметтік ахуалын зерттеуде, Қазақстандағы қос тілділік мәселесін зерттеуде, салыстырмалы талдау жасауда өз дәрежесінде ықпал ете алады. Зерттеудің әдіснамалық негізін және нәтижелерін қостілділік құбылысын зерттеуде басшылыққа алуға болады.

Түйін сөздер: Үндістан, қостілділік / билингвизм, ағылшын тілі, хинди тілі, тілдік қарым-қатынастар.

B.S. Bokuleva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: aknazar0909@mail.ru

Social aspect of the phenomenon of bilingualism in India

Bilingualism is an effective way of communicating languages when a person uses two language systems at once. This article discusses the phenomenon of bilingualism in India, historical and cultural factors of its formation, types of bilingualism, place in society, social aspect. In the field of domestic Indian studies, the problem of Hindi-English bilingualism is being considered and studied for the first time. The purpose of the scientific article is to explain the bilingualism that arose as a result of language Relations, its types and features of Hindi – English bilingualism, conduct a survey among Indian linguists and analyze the results. This article is devoted to the study of its use among bilingual speakers in India in the social aspect. In the research work, the author used methods of sorting, generalization of scientific theoretical works, summarizing, conducting questionnaires and qualitative analysis of the results obtained, methods of SWOT analysis.

The fields of application of Hindi and English among bilinguals in India have been identified and systematized. The results of the study can contribute to the study of the linguistic and psychological and social status of bilinguals, the study of the problem of bilingualism in Kazakhstan. The methodological basis and the results of the study can be used to study the phenomenon of bilingualism.

Key words: India, bilingualism, English, Hindi, language relations.

Б.С. Бокулева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: aknazar0909@mail.ru

Социальный аспект феномена билингвизм в Индии

Эффективной ситуацией для языковых контактов является билингвизм, когда человек использует сразу две языковые системы. В данной статье рассматриваются феномен билингвизма в

социальный аспект. В отечественной индологии впервые рассматривается и исследуется проблема хинди-английского билингвизма. Цель научной статьи – объяснить билингвизм, возникший в результате языковых контактов, его виды и специфику хинди-английского билингвизма, провести опрос среди индийских билингвистов и проанализировать итоги. Эта статья посвящена изучению использования билингвизма в Индии в социальном аспекте. В исследовательской работе автором использованы методы сортировки, обобщения научных теоретических работ, анкетирования и анализ полученных результатов, методы SWOT-анализа.

Были определены и систематизированы области применения хинди и английского языка среди билингвов в Индии. Результаты исследования могут по своей степени способствовать изучению лингвopsихологического и социального состояния билингвов, изучению проблемы билингвизма в Казахстане. Методологической основой и результатами исследования можно руководствоваться при изучении феномена билингвизм.

Ключевые слова: Индия, билингвизм, английский язык, хинди, языковые контакты.

Кіріспе

Дүниежүзінің халықтары үнемі өзге ұлттармен, мемлекеттермен тарихи-мәдени, саудасаттық, дипломатиялық және көршілік қарым-қатынастарда болады және аталмыш сыртқы факторлар билингвизм құбылысының пайда болуына ықпал етеді. Тілдік контактілер екі немесе одан да көп тілдердің байланысынан пайда болады.

Билингвизм мәселелеріне тіл білімі, психология, әлеуметтану салаларының зерттеушілері ерекше назар аударып отыр. Жаһандандудың даму жағдайлары, қоғамды ақпараттандыру, әлеуметтік-мәдени жағдайлардың өзгеруінің жоғары жылдамдықты динамикасы және басқа да көптеген факторлар, билингвизмді қарастыру мәселелері бұрынғыдан да өзекті. Дәл осы фактор, қоғамдық трансформация билингвизм үдерістерін талдауға мән береді. Көптеген мемлекеттердің территорияларында тілдік типологиясы мүлдем бөлек тілдер қатар өмір сүріп отыр. Бір қоғамда қос тілдің қолданыс деңгейін қарастыру, оның жеке тұлғаның қалыптасуы мен ұлттың бірегейлігіне әсері зор, сондықтан қос тілділікті зерттеуге ерекше мән беріліп отыр. Ғылыми мақаланың мақсаты – тілдік қарым-қатынастар нәтижесінде пайда болған билингвизмді, оның түрлері мен хинди-ағылшын билингвизмінің ерекшелігін түсіндіріп, үндістандық билингвтер арасында сауалнама жүргізіп, оның нәтижесін талдау болып табылады. Зерттеудің мақсатына қол жеткізу үшін билингвизм/ қос тілділік құбылысының теориялық негізі айқындалып, Үндістандағы қос тілділіктің қалыптасуының тарихи-мәдени факторлары талқыланды және үндістандық хинди-ағылшын билингвтері арасында сауалнама жүргізіліп, оның нәтижелері талданды.

Зерттеу материалы және ғылыми зерттеу әдіснамасы

Отандық және шетелдік тіл білімі саласы ғалымдарының ғылыми зерттеулері мен тұжырымдары зерттеу материалы ретінде алынды. Зерттеу барысында көптеген ғылыми жұмыстар талданып, зерттеу нәтижелерінің ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары және негізгі тұжырымдары талданды.

Ғылыми теориялық еңбектерді сұрыптау кезінде қостілділік бойынша зерттеу аясының дами түскендігін, және де зерттеушілер арасында қызығушылық пен алаңдаушылықтың қатар тұрғанын байқауға болады. Төмендегі еңбектер қостілділіктің үндістандық үлгісін талдау барысында ағылшын тілінің қызметін зерделеуге мүмкіндік береді.

Ғалым Э.Д. Сүлейменованың басшылығымен жарық көрген «Тіл білімі сөздігінде» «билингвизмге» келесідей анықтама берілген: «билингвизм – (лат. bi – екі + lingua – тіл) қостілділікпен барабар. Сондай-ақ сөздікте қостілділікке де жеке анықтама берілген. «Қостілділік – ағыл. bilingualism, фр. bilinguisme, нем. Zweisprachigkeit – индивидтің немесе қоғамның екі тілді қатар қолдануы. Қостілділік *индивидуалды* немесе *жеке* (белгілі бір этностың жеке мүшелерінің екі тілде сөйлесіп, оны қолдануы) және *көпшілік* қостілділік (белгілі бір этнос мүшелері көпшілігінің екі тілде сөйлесіп, қолдануы) болып бөлінеді.

Қостілділік *индивидуалды* (тудырушы) және *коллективтік* қостілділік (қолданылушы); *аймақтық* қостілділік (елдің жеке аймағы халқының екі тілде қатар сөйлесіп, қолданылуы) және *ұлттық* қостілділік (елдің барлық тұрғындарының екі тілді бірдей білуі); *табиғи* (қатар өмір

сүретін екі тіл өкілдерінің қос тілді білуі мен қолданылуы) және *жасанды* қостілділік (әдейі, жоспарлы түрде екінші тілді үйренуге қажетті жағдайлар туғызу нәтижесінде екі тілді бірдей білуі және қолданылуы) және т.б. Қостілділіктің тағы да басқа түрлері бар: Л.В. Щерба бойынша, *таза* немесе У. Осгуд, У. Вайнрайх, С. Эрвни т.б. бойынша құрылымдастырылған *аралас* (екі тіл бір жүйеге тұтасады) және У. Вайнрайх бойынша, *субординативті қостілділік* (екінші тілді меңгерудің алғашқы сатысы, семантикалық негізін ескермей-ақ екінші тілдің единицаларымен арақатынаста болуы). Сонымен қатар, *қостілділік толықтырушы* (бірінші тілді жетік біле тұрып, екінші тілде қатар сөйлеу) және *орын басатын қостілділік* (екінші тілді меңгеру барысында билингв бірінші тіл жетістігін ұмытады) болып бөлінеді» (Сулейменова Э.Д., 1998: 541).

Ғалым М.К. Губоглоның билингвизм құбылысын зерттеу барысында үш компонентті бөлуді ұсынды: а) тілдердің өмір сүру формалары мен тәсілдері; ә) билингвисттердің тұлғалық, әлеуметтік ерекшеліктері; б) қос тілділікті әр түрлі қызмет салаларында қолдану (Губогло М.К., 1979:113).

Билингвизм және мультилингвизм – әлеуметтік құбылыс, яғни, әлеуметтік қажеттіліктің нәтижесінде пайда болады.

S.S. Bhattacharya 2018 жылы жүргізілген «Languages and Mother Tongues and Bilingualism in India» еңбегінде Үндістанда 447 түрлі тіл, 2000 диалект сөйленеді, Үндістан Конституциясында хинди және ағылшын тілдері ұлттық үкімет жұмысының екі тілі, яғни мемлекеттік тілдер екендігі айтылған. Үндістанның әр штаты бойынша билингвтердің, мультилингвтердің статистикалық деректерін ұсынады, хинди тілді ареалда билингвтер халықтың 12 % деп тұжырымдайды (Bhattacharya S.S., 2018)

Clingingsmith D. «Industrialization and Bilingualism in India» атты ғылыми мақаласында «Билингвизм – тілдік әртүрлілігімен ерекшеленетін елдердегі адами капиталдың ерекше және маңызды түрі. Жұмысшылар арасындағы қарымқатынас еңбек өнімділігін арттырған кезде, екінші тілді үйренуге экономикалық ынталандыру пайда болуы мүмкін. 1931-1961 жылдар аралығында Үндістанда өнеркәсіптегі жұмыспен қамтудың өсуі қос тілділікті арттырды. Бұл кезеңде үнді фабрикалары лингвистикалық жағынан аралас болды. Билингвизм негізінен көші-қон немесе ассимиляция емес, оқытудың нәтижесі болды» деген тұжырымға келген (Clingingsmith D., 2020).

Uriel Weinreich «Functional Aspects of Indian Bilingualism» атты зерттеуінде Үндістанда билингвизм құбылысының пайда болуының факторлары және қос тілділіктің қызмет ету салалары айқындалған (Weinreich U., 1957)

Ғылыми мақаланы жазу барысында ғылыми теориялық еңбектерді сараптау, жалпыдан жалқыға көшу әдістері, түйіндеу, SWOT-талдау әдістері қолданылды, сонымен қатар сауалнама жүргізіліп, оның нәтижелеріне сапалық талдау жасалды.

Нәтижелер мен талқылаулар

XV ғасырдың соңында Үндістанға бірнеше мәрте еуропалықтардың талпыныс жасауы нәтижесінде теңіз жолдары ашылды. Сол кезеңнен бастап олардың бұл елмен байланыстары дами түсті. XVI-XVII ғасырларда Үндістанда негізгі рөлді португалдықтар алды. Алайда португалдықтарды ағылшындар ақырындап ығыстырып, бүкіл теңіз саудасын өздері иемденді. Ағылшындар маңызды су жолдарына орнығып, елдің негізгі экономикалық «тамырын» бақылауға алды, ал 1600 жылы негізі қаланған Ост-Индия компаниясы Үндістанның сыртқы саудасына билік жүргізе бастады.

XVIII ғасырдың ортасында Англия мен Франция арасында Үндістанды тонау мақсатында басталған күресте Англия жеңіске жетіп, бүкіл Үндістанды басып алды. Осы кезеңнен басталған Үндістанды жаулап алу істері XIX ғасырдың ортасында аяқталды. Елдің ағылшын отарына айналуы ағылшын тілінің кең таралуына ықпал етті.

Чарльз Грант Үндістанды Англияға тәуелді ету үшін рухани әдісті пайдалану керектігіне көңіл бөлген. Христиан дінін насихаттау мақсатында келген мыңдаған миссионерлер ағылшын тілінде білім беретін мектептер мен колледждер ашты. 1715 жылы Мадраста Қасиетті Мария мектебі ашылды, он жыл ішінде миссионерлер үндістер мен мұсылмандарға арналған 17 мектеп, христиан дінін қабылдап үлгерген үндістандықтарға төрт мектеп ашты. Ағылшын тілін әлемге тарату мақсатында жұмыс істейтін арнайы протестанттық миссия Мадрасқа келіп, XIX ғасырдың басында Лондон миссионерлік қоғамы Үндістанның оңтүстігі мен Бенгалияда ағылшын мектептерін, Калькуттада христиан дінін қабылдаған үндістандықтарды дін қызметшісі етіп даярлайтын және Үндістанда ағылшын тілін насихаттайтын епископтық колледждер ашылды. Алғашқы кезеңде ағылшын тілі хинди

тілді ареалда кең тарала қоймады, алайда бұл істер жалпыүнділік сипатта жүргізілгендіктен Үндістанның барлық аймақтарына ықпал етті (Dhar K.L., 1963).

Миссионерлер басқарған ағылшын мектептері Ост-Индия компаниясы тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Компания төрағасы Мадрас губернаторы Чарлз Тревельян: «ағылшын тілінде білім алған үндістандық Британ империясының істеріне белсенді қатысып, ағылшын мақсаттарына дағдыланады. Ағылшын әдебиетінің орны ерекше болды. Ағылшын әдебиетімен сусындаған тұлғалар біздің (ағылшындардың) қаһарлы дұшпан еместігімізді түсініп, біздің көмекшілерімізге айналатыны сөзсіз. Олар біздің қарсыласымыз емес, керісінше, бізге жақын болғандықтарын мақтаныш етіп, еліміздің қорғаушылары мен жанашырлары ретінде, қажетті позицияға өздігінен ие болады» деп атап көрсеткен (Баранников П.А., 1972:187).

Отаршылдардың мақсатын халықтық ағартушылық комитетінің төрағасы, лорд Макколей ашық білдірді: «Біз басқаратын миллиондаған халық пен біздің арамызда аудармашы қызметінде жүрген адамдардың тобын, қаны мен түрі үндіс, талғамы, көзқарасы, дүниетанымы және білімі жағынан ағылшын болатын адамдардың құрамын қалыптастыру қажет» (Луния. Б.Н., 1960:144).

1857 жылы Бомбей, Мадрас және Калькутта қалаларында ірі үш университет ашылды, олардың негізгісі Бенгалиядағы Бенгал Азиаттық қоғамы. 1870 жылы ағылшын тілінде «Бенгал газеті» шыға бастады. 1880 жылы «Indian daily mirror» атты ең алғашқы ағылшын тіліндегі газетті үндістандықтар шығарды, ал 1900 жылы Үндістанда әр түрлі тілдерде басылатын газеттер саны 600-ге жетті, олар тек отаршылдарға ғана емес, ағылшын тілін игерген үндістандықтарға да арналды. Осылайша ағылшын тілінің қолданысы түрлі тілдерде шығарылатын газеттер орнын басып, тілдесуді біршама жеңілдетті. Ағылшын білімі телеграф және баспа салаларында дами келе, Үндістанға жат жаңа феноменнің, яғни ұлттық баспаның пайда болуына алып келді.

Отаршылдар Үндістанда негізі Ост-Индия компаниясы басқарған кезеңде қалыптасқан жаңа басқару жүйесін енгізді, оған: үнді азаматтық қызметі, полиция, бақылау және есеп қызметі, ағартушылық қызметі, салық және заң қызметі енді. Бұл үшін ағылшын тілін жетік меңгерген қызметкерлер тартылды, себебі іс-қағаздар ағылшын тілінде жүргізілді. Осылайша,

ағылшын тілі Үндістанда ресми құжаттарды рәсімдеу саласында монополиялық сипатқа ие болды.

Халықтық ағартушылық комитетінің төрағасы лорд Макколей білім беруді тек ағылшын тілінде жүргізуді ұсынды, бұл ұсыныс генерал-губернатор лорд Уильям Бентинг тарапынан қабылданды. Бұл шешімдерді бағалай келе, үндінің белгілі қоғам қайраткері Говиндас «Ағылшындықтар өз империяларын нығайту және біздің ұлттық сезімдерімізді жою мақсатында ағылшын тілін білім беру тілі ретінде үйрету туралы» жаңа саясат қабылдады (Баранников П.А., 1984:92).

Ағылшын тілінің одан әрі дамуына Ост-Индия компаниясы Бақылау Кеңесінің төрағасы Чарлз Вудтің жолдауы ықпал етті, жолдауда ағылшын тілінің барлық жоғарғы оқу орындарында – колледждерде, педагогикалық училищелерде, университеттерде білім беру тілі ретінде қолданылуы туралы жазбаша жарлық берілген.

Үндістанда алғашқы жоғары оқу орындары XIX ғасырдың екінші жартысында Калькутта, Мадрас, Бомбей, Аллахабадта ашылды. Бұл үрдіс қолдау тауып, университеттер саны 5-тен 14-ке жетті. Агра, Банарас, Алигарх, Лакхнау және Патна сынды хинди тілді аймақтарда да жана университеттер ашылды. Алғашында университеттерде тек гуманитарлық пәндер ғана оқытылса, кейінірек медицина, техника, агрономия, ветеринария және т.б. енгізілді. Әкімшілік орган, Заң шығарушы ассамблея, пошта-телеграф, байланыс салаларында іс-қағаздар ағылшын тілінде жүргізілді.

Уақыт өте келе ағылшын тілінде тек ғылыми шығармалар ғана емес, көркем әдеби шығармалар да жазыла бастады. Пенджабтық Мулькрадж Ананд, бенгалдық Бхабани Бхатачария, тамил Р.К. Нараян, Р. Тагор және т.б. өз шығармаларын ағылшын тілінде жарыққа шығарды. Үндістандықтар ағылшын тілінде поэтикалық шығармалар, драма, роман, әңгіме, очерктер, мемуарлық және публицистикалық шығармалар жазған. Джавахарлал Нерудің «Автобиография», «Үндістанның ашылуы» атты еңбектері ағылшын тілінде жарық көрді. Әдеби сын, философиялық, теософиялық, тарихи шығармаларды ағылшын тілінде жазу үрдісі қалыптасты.

Осылайша, ағылшын тілі Үндістанда айтарлықтай кең етек жайды, оның әлеуметтік қызметі де артты. Ағылшындар мен үнді халқын байланыстыратын ағылшын тілін меңгерген топты қалыптастыру бірінші және негізгі қызме-

ті болды. Тіл арқылы Үндістан қоғамы ағылшын әдебиетін, сонымен қатар басқа елдердің әдебиеттерімен танысуға мүмкіндік алды. Алғашқы үнді саяси ұйымдары да ағылшын тілін саяси мақсаттарда қолданды. Үндістанның тәуелсіздік алғанға дейінгі елдегі ағылшын тілінің ахуалы осылайша өрбіді.

Ағылшын тілі отар Үндістанның өкімет тіліне айналғандықтан қатынастың жаңа салаларында кеңінен қолданылды. Бұл үнді халықтарының тілдеріне өз ықпалын тигізбей қоймады.

Ост-үнді компаниясы басқару жүйесінде үнді азаматтық қызмет, полиция, есептеу және бақылау қызметтері, білім беру қызметі, салық және заң қызметтерін қалыптастырды, бұл қызметтер үшін бірқатар ағылшын тілін меңгерген шенеуніктер қажет болды, осыған байланысты XIX ғасырдан бастап үнді және мұсылман ағартушылары ағылшын тілін ақысыз оқытатын мектептер мен колледждер ашты. Ағылшын тілі Ассамблеялық заң шығарушы орган мен байланыс қызметтерінде қолданылатын іскер тілге айналды. Тәуелсіздік алған жылдары Үндістанда хинди тілін тарату мақсатымен ағылшын тілін шектеу әрекеттері болды, алайда «әрбір оқыған үнді азаматы билингвке айналды және оның қостілділігінде негізгі компонент, маңызды тілдің орнын ағылшын тілі алып отырды» (Annamalai, E., 2001).

1947 ж. Үндістан Британ империясынан өз тәуелсіздігін алысымен-ақ жаңа билік елдің 40% тұрғыны сөйлейтін хинди тілін мемлекеттік тіл етіп жариялады. Алайда, отаршылдық кезеңнің ресми тілі ретінде, елдегі халықтарға жалпы түсінікті, әлеуметтік жоғарғы таптың қарым-қатынас тіліне айналғанын ескеріп, үнді билігі тарабынан ағылшын тілі ауыспалы кезеңде мемлекеттік тіл ретінде 15 жылға уақытша жарияланды. Үндістанда екі мемлекеттік тілі осылайша пайда болды.

1955 ж. Конституцияға сәйкес ағылшын тілінің қызметін шектеп, хинди тілінің қолданысын тарату мақсатында ресми тілдер бойынша комиссия құрылды, бірақ комиссия бұл міндетті орындай алмады. Сол себептен хинди тіліне көшуге барлық жағдай жасалғанша ағылшын тілін пайдалану шешімі қабылданды (Баранников П.А., 1984:92).

1967 ж. парламентке «Ресми тілдер туралы билль» мен «Ресми тіл туралы резолюция» ұсынылды. 1963 ж. жарияланған билльге 1967 ж. толықтырулар енгізілді, ал резолюция хинди тілінің қолданысын кеңейтіп, жаңаруға бағытталған. Бұл істе «үштілді формуланы» енгізу маңызды

орын алады, мектеп бітірген әрбір азамат үш тілді білуі керек – бір ана тіл және екі шет тілі (хинди – ресми тіл және елдегі қатынас құралы, ағылшын тілі – көмекші ресми тіл, жоғарғы мектеп пен халықаралық қатынас тілі) (Ганди К.М., 1982).

Үндістан Конституциясында ағылшын тілінің жағдайы қарастырылған, соның негізінде ағылшын тілінің орны әкімшілік және ғылыми салада нығайды, жоғарғы сот инстанциясының тіліне айналды, сонымен қатар, ол баспасөз және ұлтаралық қатынас құралы ретінде пайдаланылды. Ағылшын тілінің сақталуына халықтық инерция және олардың әдеттері ықпал етіп, әр жастағы халықтың өзара қарым-қатынас құралына айналды және бұл тек қызмет барысында ғана емес, күнделікті тұрмыста да сақталды. Егер бір жанұяда әкесі мен анасы үнді-ағылшындық билингв болса, онда екі тілдік жанұя емес, үш тілдік жанұя болып есептеледі: әкесінің тілі, анасының тілі және ағылшын тілі, егер ата-анасы екі штаттан болса, олар өз ана тілдерінде де сөйлейді. Мысалға танымал саяси қайраткер Үндістанның бірінші премьер-министрі Джавахарлал Нерудің жанұясын мысалға алатын болсақ, Неру ағылшын тілінің қолдаушысы болған және оның пікірінше, ағылшын тілі мемлекетке қажетті жаңашылдықты алып келеді және елде «сампарк бхаша», яғни күллі Үндістанды біріктіретін тіл деп есептелген. Оның әкесі, Мотилал Неру Үнді Ұлттық Конгресінің негізін қалаушылардың бірі. Нерудің қызы Индира Ганди, әкесі көз жұмғаннан кейін премьер-министр орнына отырды. Атасы, ұлы және немере қызы шетелде білім алған және ағылшын тілінде сөйлескен, ал Индираның анасы мен әжесі тек хинди тілінде сөйлеген, туыстар арасындағы бейресми хаттар да әр түрлі тілдерде жүргізілген. Оқыған азаматтар жеке хаттарын ағылшын тілінде жүргізген және ағылшын немесе хинглиш тілінде сөйлей береді, яғни есімдік пен көмекші етістік хинди тілінен алынып, қалған барлық лексика ағылшын тілінен алынып отырған. Ауыл аймақтарында негізгі халық сауатсыз болғандықтан, олар хинди немесе жергілікті тілмен, диалектімен сөйлескен.

Тілдік саясатты жүргізуде және тілдік мәселелерді шешуде Үндістанның тәжірибесі мол. Елдегі күрделі әлеуметтік-саяси жағдайларда міндеттерді шешуде тілдік және ұлттық толеранттықты сақтауы дәлел бола алады.

Хинди тілінде сөйлейтін халықтарды үш топқа бөліп қарастыруға болады: бірінші топ – ағылшын тілінде білім алмаған ауыл халқы,

екінші топ – ағылшын тілінде білім алған халық, үшінші топ – ағылшын тілінде білім ғана емес, олардың мәдениеттері мен өркениетін қабылдаған халық.

Қазіргі таңда ағылшын тілі мен өзге тілдердің қатынастары назар аудартып отырған тың мәселе. Хинди тіліне ағылшын тілінен енген сөздердің бейімделуінің тағы бір себебі ғылымның қарқынды дамуы болып табылады. Ғаламтордың таралуы, компьютерленудің қарқын алуы, ақпарат көздерінің артуы, мемлекеттердің өзара халықаралық қатынастарының белең алуы, әлемдік нарық, экономика, ақпарат, технологияның дамуы, халықаралық жарыстарға, фестивальдарға, сән көрмелеріне қатысу – тілге шет тілдерінен сөздерінің енуіне жағдай жасайды. Іскерлік, сауда, мәдени байланыстар, шетелдік туризм дамып, маман алмасу бағдарламалары қарқынды іске асып, әр елде шетелдік компаниялардың қызмет етуі арта түсті. Өзге тілдерде қарым-қатынас жасайтын адамдармен байланысты күшейтудің маңызы артты.

Тілдер бір-бірімен үнемі қарым-қатынаста болатыны және белгілі қарым-қатынасты орнатқаны тарихтан белгілі. Бірнеше тілдің сөздіктеріне қатар еніп, олардың құрылымына ықпал ете алған екі немесе одан да көп тілдер өзара байланысып, тілдік контакт жасай алған.

Соңғы жылдары ғылым мен технологияның дамуы жаңа атаулардың пайда болуына себеп болды. Үндістан тілдері де осындай өзгерістерді бастан өткізуде. Үндістанда соңғы жылдары ғылым мен техниканың қарқынды дамып, қоғам ақпараттармен тез қамтылып, саяси және әлеуметтік өзгерістер орын алуда. Қазіргі хинди тілінің сөздік және терминологиялық қорында халықаралық терминдер, әсіресе ағылшын лексемалары көптеп кездеседі. Кірме элементтер фонетикалық, грамматикалық және семантикалық бейімделгеннен кейін хинди тіліне еніп отырған. Қазіргі таңда Үндістан халықаралық аренада саяси-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және стратегиялық ынтымақтастық орнатып, БҰҰ, НАТО, Еуропалық Одақ, Бүкіләлемдік сауда ұйымдармен әріптестікті нығайту үдерісінде ағылшын тілі дипломатиялық және іскерлік коммуникация құралына айналды.

Хинди-ағылшын билингвизмі салдарынан хинди тіліне жекелеген ағылшын сөздері ғана емес, ағылшын тілінің толық фразеологиялық оралымдары да енген. Бұл құбылыс хинди тілінің нормаларына сай болмаса да, бұл оралымдар ауызша қатынаста ғана емес, жазбаша тілде де,

қазіргі хинди әдебиеті өкілдерінің шығармаларында да көрініс тауып отырады. Билингвтердің лексикалық қорында кең таралып, хинди монологтерінің тілдік құндылығына айналып отыр.

Ағылшын мәтіндерін хинди тіліне аудару барысында ағылшын тілі сөз тіркестерінің енуі байқалады. Бұндай жағдайда, егер билингв ана тілін ағылшын тілінен нашар білсе, тіркестер хинди тіліне қысқарып, «бұзылып» енуі мүмкін. Аталмыш интерференциялық құбылыстар хинди тілінде көп кездеседі.

Хинди тілінде ағылшын сөздерінің қолданысына үнді ғалымдары қарсы болмағандықтары зиялы қауымның басым көпшілігі (Индира Ганди, Джавахарлал Неру т.б.) ағылшын тілін жетік білуінен және ғалымдардың төмендегі пікірлерінен тұжырымдаймыз. Шри Дженендр: «Егер біз естіп, түсінсек, ағылшын сөздерінің қолданысына мазаланудың қажеті жоқ. Сіздің оңай түсінуіңізге жағдай жасалғаны жақсы» деген пікірінен ағылшын тілінің маңызы айқын көрінеді (Ганди К.М., 1982).

Демек, түрлі мәдениеттердің және тілдердің қатар өмір сүруінен билингвизм құбылысы қалыптасады. Тіл – мәдениеттің көрінісі, онда халықтың қоғамдық ой-санасы, ділі, ұлттық болмысы, дәстүрлері, адамгершілік құндылықтары, дүниетанымы ғана емес, халықтың шынайы өмір салты көрініс табады. Тілдің – өте маңызды мәдени құбылыс екендігі мәлім. Тіл адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінен хабар беретін құрал, сонымен қатар, ұлттық ділдің өзіндік ерекшеліктерін, дүниетанымын көрсетеді.

Жаһандану үдерісі кезінде азаматтарының бірнеше тіл білуі индивидтің тілдік горизонттарын айтарлықтай кеңейтеді. Мемлекеттік тілін, ана тілін, әлемдік ағылшын тілін меңгеру ХХІ ғ. еңбек нарығында талап етіліп отырған жоғарғы кәсібилік пен бәсекеге сай болуына жағдай жасайды.

Үндістанда ғалым S.S. Bhattacharya 2018 жылы жүргізген статистикалық деректері бойынша 422,048,642 адам хинди тілін ана тілі ретінде санайды. Олардың ішіндегі 50445412 адам екі тілде сөйлейтін билингвтер болып саналады. Бұл 11,95% құрайды. 8988392 адам көп тілді тұлғалар, яғни 2,13 %. Қос тілді адамдардың 32399287-ы ағылшын тілін екінші тіл ретінде меңгерген. Бұл хинди тілінде сөйлейтін адамдардың 7,68 %.

Ғалым Үндістан тілдерінің барлығы бойынша жүргізген зерттеуіне сүйене, 250 миллионға

дейін үндістандықтар кем дегенде екі тілде, ал 85 миллионнан астамы үш немесе одан да көп тілде сөйлейді. Бірақ үш тілден артық сөйлейтіндердің саны белгісіз. Зерттеуден қос тілділік негізгі хинди және ағылшын тілдерінде басым екенін көруге болады (Bhattacharya S.S., 2018).

Ағылшын тілі 236 миллион үндістандық үшін ана тілі болды, бірақ 85 миллион оны екінші тіл ретінде, ал 38 миллион үшінші тіл ретінде қабылдайды. Хинди тіліне келетін болсақ, 422 миллион ана тілінде сөйлейтіндер, олар үшін 92 миллион хинди тілі екінші тіл, 30 миллионға жуық адам оны үшінші тіл ретінде көрсетті.

Ағылшын және хинди тілдері үндістандықтар үшін ең қолайлы екі тіл болып табылады. Ағылшын және хинди тілдеріндегі билингвизмнің негізгі себебі – ресми білім.

S.S. Bhattacharya берген деректер бойынша: үндістандықтардың 95%-дан астамы хинди тілінде еркін немесе қиын сөйлейді деп мәлімдесе, олардың жартысынан азы жұмыста хинди тілін қолданатынын хабарлайды, ал 70%-ға жуығы отбасы, достар арасында ғана хинди тілінде сөйлейді. Сондай-ақ деректер ресми және іскерлік салаларда хинди тілін қолдануға ерекше қысым болмаса да, достарымен және әріптестерімен қарым-қатынас жасау сияқты бейресми контексттерде хинди тілін қолдануға қысымы артып келе жатқанын көрсетеді. Шын мәнінде, достармен өзара әрекеттесу нәтижелері этникалық және жас ерекшеліктерімен байланысты болды және жас буын өз құрдастарымен хиндише сөйлейтінін хабарлау ықтималдығы жоғары екенін көрсетті.

Жоғары оқу орындарында, іскерлік салада қызмет ететін респонденттер ағылшын және хинди тілдерін көбірек қолданатынын көрсеткен: жоғарғы табысты респонденттердің екіден бірі жұмыста ағылшын тілін пайдаланады; керісінше, ең төменгі табысы бар топтағы ақпарат берушілердің тек 1%-ы ағылшын тілін қолданады.

Үндістан тұрғындарының көпшілігі көптілділік жағдайында туып-өскен. Біртілділік олар үшін жай ғана қолайсыз. Үндістанда көптілділік қалыпты әлеуметтік құбылыс ретінде танылады. Сондықтан үндістандықтар үшін қос тілділік ерекше мінез құлық болып саналмайды. Тілдердің таралуы байланыстардың кеңеюіне әкелді және қос тілділік әр түрлі функцияларды жеңіл-

детеді. Үндістандағы тілдік қауымдастықтар ана тілдерінен басқа тілдерді үйренеді және қолданады.

Билингвизм туралы ақпараттың негізгі көздері санақ деректері болып табылады, олар, әрине, негізінен сандық және статистикалық болып табылады. Үндістанның халық санағында билингвизм әр адам күнделікті немесе үй өмірінде ана тілінен басқа сөйлейтін құбылыс ретінде анықталды.

Бірақ бұл тілдерде оқи және жаза білудің қажеті жоқ. Егер адамда олар туралы практикалық білім болса, бұл жеткілікті. Билингвизм туралы халық санағының деректері бірнеше маңызды жалпы ақпаратты қамтиды.

Билингвизмнің жалпы таралуы тұрақты өсуді көрсетеді. Ұлттық орташа көрсеткіш 1961 жылғы 9,7%-дан 2001 жылғы санақ бойынша 24,79%-ға дейін (1971 жылы 13,04%, 1981 жылы 13,34%, 1991 жылы 19,44%). 2001 жылғы санақ бойынша елдегі үштілділіктің орташа көрсеткіші 1991 жылғы 7,90%-бен салыстырғанда 8,51%-ға дейін өсті (Kamal K. Sridhar., 2023)

Сауалнама нәтижелері бойынша ағылшын тілін білу және оны пайдалану жастар мен қала тұрғындарының, жетістікке жеткен адамдар арасында беделді екенін байқадық. Алынған мәліметтерге сәйкес ағылшын тілінің қолданыс аясы кең және әлеуметтік беделі жоғары деген тұжырым жасауға болады. Сауалнамаға қатысушылар хинди тіліне қызығушылық танытқанымен, білім беру, экономикалық және ақпараттық ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін ағылшын тілінен бас тартуға дайын емес. Сауалнама нәтижелері Үндістанда ағылшын тілінің мәртебесі жоғары екендігін көрсетті. Алынған нәтижелер Үндістанда көптілділік идеологиясы басым деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді: респонденттердің басым бөлігі хинди, ағылшын және тағы бір үнді тілінің қажеттігін сезінеді.

Қазіргі Үндістандағы қос тілділіктің қолданысын, таралуын айқындау мақсатында 200 үндістандық азамат арасында сауалнама жүргізілді, хинди және ағылшын тілдерін қатар қолдану туралы деректер жинақталды.

Сауалнама нәтижесіне сәйкес хинди және ағылшын тілдерін меңгерудің жоғарыда берілген деңгейі мен оның қолданылуы арасындағы алшақтықты көрсетеді

	Хинди %	Ағылшын %	Хинди-ағылшын қатар қолдану %	Басқа %
Менің ана тілім:	93	2		5
балаларының ана тілі	93	2		5
Үйде қарым-қатынас тілі	45	20	30	5
Фильмдер мен телешоуларды көретін тіл	28	20	50	2
Жұмыста қолданыс тілі	20	30	50	0
Интернетте жұмыс істеу тілі	5	70	24	1
Интернеттегі қарым-қатынас пен ойын-сауық тілі	12	25	60	3

Сауалнама нәтижелерін талдай келе, хинди немесе басқа аймақтық үндістандық тілдің бірі ана тілі болса да, үндістандықтардың отбасындағы қарым-қатынас екі тілде қатар жүретінін, ақпарат алу, ойын-сауық, қызмет-

те де ағылшын тілінің орны ана тілдерімен бірге қатар қолданылады деген тұжырымға келдік.

Үндістандағы билингвизм құбылысын талдай келе SWOT талдау жасалды.

Мықты тұсы	Әлсіз тұсы	мүмкіндіктер	Қатер
<ul style="list-style-type: none"> - заманауи оқыту бағдарламалары; - шетелде оқуға, жұмыс істеуге мүмкіндік ; - ақпаратқа қол жетімділік; - Еңбек нарығында құндылық артады. - Қарым-қатынас орнату жеңілдігі; 	<ul style="list-style-type: none"> - хинди тілінің мәртебесінің төмендеуі; - хинди тілін оқуға деген құлшыныстың төмендеуі; - хинди тілінде әдебиеттің дамымауы; -Хинглиш феноменінің пайда болуы (екі тілді араластырып сөйлеу) 	<ul style="list-style-type: none"> -халықтың ғылыми, әмбебап білім алып, халықтың когнитивті тұрғыдан алға жылжуы; - хинди тіліндегі шығармалардың ағылшын тіліне аударуы немесе ағылшын тілінде жазылуы үнді әдебиетінің таралуын қамтамасыз етеді. -қос тілде еркін сөйлеу әлеуметтік қажеттілік, үнді қоғамының модернизациясына жол ашады. 	<ul style="list-style-type: none"> - ұлттық мәдениеттің және бірегейліктің жойылуы; - хинди тілінің ластануы; - үнді халқының құндылықтарының жойылуы;

Қорытынды

- Қостілділіктің теориялық негізі айқындалып, бірқатар авторлардың тұжырымдары салыстырылды.

- Билингвизмнің Үндістандық моделінің тарихи-мәдени факторлары айқындалды.

- Қазіргі Үндістандағы қос тілділіктің қолданысын, таралуын айқындау мақсатында 200 үндістандық азамат арасында сауалнама жүргізілді, хинди және ағылшын тілдерін әртүрлі жас топтарында қолдану туралы деректер жинақталды.

- Үндістандағы билингвизм құбылысының мықты, әлсіз тұстары және келешектегі мүмкіндіктері мен қауіпі айқындалды.

Қорытындылай келе, көп ұлтты, бірнеше ғасырлар бойы Британдықтардың колониясы болған Үндістанда қос тілділік және көптілділік қалыпты әлеуметтік құбылыс ретінде танылады. Сондықтан үндістандықтар үшін қос тілділік ерекше мінез құлық болып саналмайды. Тілдердің таралуы байланыстардың кеңеюіне әкелді және қос тілділік әр түрлі функцияларды жеңілдетеді. Үндістандағы тілдік қауымдастықтар ана тілдерінен басқа тілдерді үйренеді және қолданады.

References

- Annamalai, E. (2001). *Managing multilingualism in India: Political and linguistic manifestations*. New Delhi.
- Barannikov, P.A. (1972). *Problemy hindi kak natsionalnogo yazyka*. L., 187 s.
- Barannikov, P.A. (1984). *Yazykovaya situatsiya v areale yazyka hindi*. Leningrad: Izdatelstvo Nauka, 92 s.
- Bhattacharya, S.S. (2018). Languages and Mother Tongues and Bilingualism in India. <https://www.tezu.ernet.in/wmcfel/pdf/field/01.pdf>
- Clingsmith, D. (2020). Industrialization and bilingualism in India. *The Journal of Human Resources*, 49(1), 73-109.
- Dhar, K.L. (1963). *English loan words in Hindi*. Leeds: University of Leeds, 232 p.
- Gandi, K. (1982). *Yazykovaya politika v sovremennoi Indii*. M.: Nauka, 116 s.
- Guboglo, M.N. (1979). Istoriograficheskie problemy dvuyazychiya. In M.I. Numichenko (Ed.), *Osnovnye napravleniya izucheniya natsionalnyh otnoshenii v SSSR* (pp. 160–165). M.: Nauka.
- Luniya, B.N. (1960). *Istoriya indiiskoi kultury s drevnih vekov do nashih dnei*. M., 144 s.
- Suleimenova, E.D. (1998). *Slovar po yazykoznaniyu / Til bilimi sozdigi* (pod obchei redaktsiei prof. E.D. Suleimenova). Almaty: Gylım, 541 s.
- Weinreich, U. (1957). Functional aspects of Indian bilingualism. *WORD*, 13(2). <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/00437956.1957.11659634>
- Kamal, K. Sridhar. (2023). *English in Indian Bilingualism (Language in South Asian Society)*. South Asia Books. P. 177.

Автор туралы мәлімет:

Боқулева Бота Сериккановна – PhD, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доцент м.а., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы, Қазақстан, aknazar0909@mail.ru)

Information about the author

Bokuleva Bota Serikkhanovna – PhD, Acting Associate Professor of the Department of the Middle East and South Asia, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, aknazar0909@mail.ru).

Келіп түсті: 12 қазан 2024 жыл
Қабылданды: 15 ақпан 2025 жыл